

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЖМЗЖ ЗА) 948,86 млрд. теңгені¹ құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын (ҮТМ) өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 15,18% құрады.

ЖМЗЖ ЗА қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдары бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2026 жылға ағымдағы құны	01.01.2026 жылға үлесі	01.04.2026 жылға ағымдағы құны	01.04.2026 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі
ҚР ҚМ МБҚ	679,75	89,96%	890,39	93,84%	30,99%
ҚРҰБ депозиттері	54,83	7,26%	58,37	6,15%	6,46%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	0,10	0,01%	0,10	0,01%	-0,12%
РЕПО операциялары	20,91	2,77%	0,00	0,00%	-100,00%
ҚРҰБ басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА жиынтығы	755,58	100,00%	948,86	100,00%	16,08%
Зейнетақы жарналары шотындағы ақша	4,83		1,91		
ЖМЗЖ ЗА жиынтығы	760,41		950,77		

млрд. теңге

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліне ұлттық валютаға номинирленген қаржы құралдары ғана кіреді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

ЖМЗЖ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есепті күндегі ағымдағы құны 890,39 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 93,84% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде жылдық 15,23% орташа алынған кірістілікпен номиналды құны бойынша жалпы сомасы 145,00 млрд. теңгеге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды. Есепті кезеңде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылмады және өтелмеді.

Есепті күнге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 15,02% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есепті күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 58,37 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 6,15%.

Есепті айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында ЖМЗЖ ЗА бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 17,16% орташа алынған кірістілікпен 46,44 млрд. теңгені құрады.

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

2026 жыл басынан бергі ЖМЗЖ ЗА бойынша есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 34,10 млрд. теңгені құрады, аталған кезең үшін кірістілік 4,05% құрады.

¹ зейнетақы жарналары шоттарындағы ақша есебінсіз

2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2025 жылғы сәуірден бастап 2026 жылғы наурызға дейін соңғы 12 ай үшін есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 104,22 млрд.теңгені құрады, аталған кезең үшін кірістілік 18,52% құрады.

2-кесте. 01.04.2026 жылғы жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы

млрд.теңге

Атауы	2026 жыл басынан бергі инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер	30,65
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан кірістер (шығындар)	3,45
Жиыны:	34,10

Шартты бірлік құны туралы ақпарат

2026 жылғы наурыз үшін ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА шартты бірлігі құнының динамикасы 3-кестеде берілді.

3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА бір шартты бірлігінің құны

№	Күні	Бір шартты бірлік құны
1	01.03.2026	1 469,4409294
2	02.03.2026	1 471,3134170
3	03.03.2026	1 471,3134170
4	04.03.2026	1 471,3134170
5	05.03.2026	1 471,3134170
6	06.03.2026	1 471,3134170
7	07.03.2026	1 471,3134170
8	08.03.2026	1 471,3134170
9	09.03.2026	1 471,3134170
10	10.03.2026	1 477,2787119
11	11.03.2026	1 477,2787119
12	12.03.2026	1 477,2787119
13	13.03.2026	1 477,2787119
14	14.03.2026	1 477,2787119
15	15.03.2026	1 477,2787119
16	16.03.2026	1 480,8244381
17	17.03.2026	1 480,8244381
18	18.03.2026	1 480,8244381
19	19.03.2026	1 480,8244381
20	20.03.2026	1 480,8244381
21	21.03.2026	1 480,8244381
22	22.03.2026	1 480,8244381
23	23.03.2026	1 480,8244381
24	24.03.2026	1 480,8244381
25	25.03.2026	1 480,8244381
26	26.03.2026	1 487,7257497
27	27.03.2026	1 487,7257497
28	28.03.2026	1 487,7257497
29	29.03.2026	1 487,7257497
30	30.03.2026	1 490,3397881
31	31.03.2026	1 490,4051998

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы ЖМЗЖ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының² талаптарына сәйкес келеді. 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. ЖМЗЖ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы № 82 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні, млрд. теңгемен	Нақты мәні (ЖМЗЖ ЗА жалпы көлемінен пайыздармен)	Лимиттер (ЖМЗЖ ЗА жалпы көлемінен пайыздармен)	Орынд алуы (иә/жоқ)
	Инвестициялық шоттағы ақша	0,10	0,01%		
	РЕПО операциялары	0,00	0,00		
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	948,76	99,99%	Шектеусіз	иә
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	890,39	93,84%	Шектеусіз	иә
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	58,37	6,15%	10%-дан артық емес	иә
1.3	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары	0,00	0,00%	40%-дан артық емес	иә
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналымда жүрген құралдар:	0,00	0,00%	15%-дан артық емес	иә
2.1	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	0,00	0,00%	15%-дан артық емес	иә
2.2	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	0,00	0,00%	5%-дан артық емес	иә

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

5-кесте. Есепті айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал құны теңгемен
ҚР МБҚ	KZT	ҚР Үкіметі	145 000 000 000
Жыны			145 000 000 000